Л.С. Выготскийдің әлеуметтік даму теориясы тұрғысынан қарағанда, коммуникация мен сөйлеу ең алдымен әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасады, ал кейін ішкі психикалық функцияға айналады [13]. Біздің нәтижелерде АСБ тобында әлеуметтік бастама мен жауап беру әлсіз болғандықтан, баланың әлеуметтік тәжірибесі шектеліп, соның салдарынан вербалды және вербалды емес коммуникация да жеткілікті дамымайтыны байқалады. Яғни, қиындықтың түбірі тек «сөйлеу қабілетінде» емес, әлеуметтік қатынасқа кірудің төмен деңгейінде болуы ықтимал. У. Бронфенбреннердің экологиялық моделіне сүйенсек, баланың дамуы бірнеше деңгейлі орта ықпалымен жүреді (отбасы, балабақша, мамандар жүйесі, қоғамдағы инклюзия мәдениеті)[17]. Біздің зерттеу нәтижелерін осы тұрғыдан түсіндірсек, АСБ бар балалардың коммуникациясы тек жеке ерекшеліктермен шектелмей, микроортадағы (отбасы–балабақша) өзара әрекет сапасына тәуелді екені көрінеді. Мәселен, ата-анамен байланыс сипаты мен ересектердің коммуникацияны ынталандыруы баланың жауап беру уақытына, диалогқа түсуіне әсер етуі мүмкін.

Мінез-құлықтық бағыт тұрғысынан алынған нәтижелер коммуникацияны қадам-қадаммен қалыптастыру қажеттігін дәлелдейді: АСБ тобындағы төмен көрсеткіштер әлеуметтік бастама, көз байланысы, ым-ишара сияқты дағдыларды мақсатты күшейту арқылы дамытуға болатынын көрсетеді. Ал К. Роджерстің тұлғаға бағытталған қолдау идеялары бұл процесте баланың эмоционалдық қауіпсіздігін, қабылдануын қамтамасыз ету маңызды екенін айқындайды: мимика мен эмоциялық жауаптың төмендігі көбіне ортаға сенімнің аздығымен де байланысуы мүмкін. Сонымен қатар, «теория разума» және ақпаратты өңдеу ерекшеліктеріне қатысты көзқарастарға сәйкес, АСБ бар балаларда басқа адамның ниетін/эмоциясын «оқу» қиындығы болады, бұл мимикаға жауап беру, диалогты қолдау, әлеуметтік бастамаға тікелей әсер етеді [17, 21]. Сондықтан біздің нәтижелердегі

мимикалық жауаптың төмендігі когнитивтік деңгейдегі әлеуметтік түсінудің ерекшелігімен байланысты болуы ықтимал.

Ерте араласудың тиімділігі бойынша ең күшті дәлелдердің бірі — Доусонның Ерте басталатын Денвер моделі (ESDM) жөніндегі рандомизацияланған зерттеуі. Онда ерте жаста басталған кешенді даму-бихевиоралдық араласу тіл, әлеуметтік дағды және жалпы даму көрсеткіштерін жақсартатыны көрсетілген [7]. Бұл біздің нәтижелерге тікелей қатысты: өйткені бізде ең төмен көрсеткіштер әлеуметтік бастама мен диалогқа өздігінен түсу жиілігінде болды; демек ерте араласуда дәл осы компоненттерді (әлеуметтік бастама, бірлескен назар, вербалды емес сигналдарды қолдану) нысанаға алу маңызды.

Сондай-ақ біздің қорытындылар DSM-5-тегі аутизм критерийлерімен (әлеуметтік-эмоционалдық өзара әрекет, вербалды емес коммуникация, қатынасты дамыту/сақтау қиындықтары) үйлеседі. Яғни, алынған деректер халықаралық ғылыми түсінікпен сәйкес бағытта.

Зерттеу нәтижелері АСБ бар мектепке дейінгі балаларда коммуникациядағы дефицит өздігінен жойылмайтынын, керісінше тиісті психологиялық-педагогикалық қолдау болмаған жағдайда әлеуметтік ортадан алшақтауды күшейтіп, тілдік және әлеуметтік дамуды тежейтінін көрсетті. Егер бала ерте кезеңде жүйелі қолдау алмаса, оның қарым-қатынас тәжірибесі шектеліп, әлеуметтік бастама мен жауап беру белсенділігі одан әрі төмендеуі мүмкін. Керісінше, ерте араласу неғұрлым ерте басталса, баланың әлеуметтік тәжірибесі кеңейіп, бірлескен әрекетке қатысуы, жауап беруі және өздігінен бастама көрсетуі біртіндеп артуы ықтимал. Бұл ерте жаста ұйымдастырылатын кешенді бағдарламалардың тиімділігін дәлелдейтін халықаралық тәжірибемен үйлеседі [4].

Практикалық тұрғыдан алғанда, алынған нәтижелер педагог-психологтар мен тәрбиешілерге маңызды бағыттар ұсынады. Біріншіден, коммуникацияны бағалау тек сөйлеу деңгейімен шектелмеуі тиіс. Көз байланысы, ым-ишара, мимика, әлеуметтік бастама және жауап беру уақыты сияқты көрсеткіштер кешенді түрде қарастырылуы қажет, себебі олар баланың әлеуметтік өзара әрекетінің сапасын айқындайды. Екіншіден, түзету жұмысының негізгі нысаналары ретінде әлеуметтік бастаманы дамыту, бірлескен назарды қалыптастыру, вербалды емес сигналдарды мақсатты қолдану және диалогты қолдау дағдыларын жетілдіру алға шығуы тиіс. Үшіншіден, отбасының қатысуы ерекше маңызды. Баланың коммуникациялық тәжірибесі ең алдымен үй жағдайында қалыптасатындықтан, ата-анамен бірлесе жұмыс жүргізу, күнделікті қарым-қатынасты құрылымдау және шағын ойын сценарийлерін қолдану түзету жұмысының тиімділігін арттырады. Төртіншіден, диагностика тек бастапқы бағалаумен шектелмеуі керек, уақыт өте өзгерісті бақылап отыру үшін тұрақты мониторинг ұйымдастырылуы қажет.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу мектеп жасына дейінгі аутистік спектр бұзылысы (АСБ) бар балалардың коммуникативтік дамуы кешенді және көпқырлы бұзылыс сипатында көрінетінін көрсетті. Коммуникативтік дефицит тек сөздік қордың төмендігімен немесе сөйлеудің кешеуілдеуімен шектелмейді. Ол вербалды емес коммуникация компоненттерінің әлсіздігімен (көз байланысының тұрақсыздығы, ым-ишараның сирек қолданылуы, мимикалық жауаптың төмендігі), әлеуметтік бастама көрсету деңгейінің аздығымен және қарым-қатынасқа жауап беру уақытының ұзақтығымен қатар жүреді. Яғни, негізгі қиындық сөйлеудің өзінде емес, әлеуметтік өзара әрекет механизмдерінің жеткіліксіз қалыптасуында байқалады.

Зерттеу нәтижелері ерте диагностика маңыздылығын нақты дәлелдейді. Мектеп жасына дейінгі кезең — баланың сөйлеуі, эмоциялық реакциясы және әлеуметтік мінез-құлқы қарқынды дамитын уақыт. Осы кезеңде коммуникативтік қиындықтарды уақтылы анықтау баланың әрі қарайғы дамуына оң әсер етеді. Ерте жаста басталған психологиялық және педагогикалық қолдау әлеуметтік бейімделуді жеңілдетіп, тілдік даму қарқынын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер психологиялық сүйемелдеудің қажеттілігін айқындайды. АСБ бар балалар үшін тек диагностикалық қорытынды жеткіліксіз; жүйелі, мақсатты және ұзақ мерзімді психологиялық-педагогикалық қолдау қажет. Мұндай қолдау баланың жеке ерекшеліктерін, отбасылық ортасын және әлеуметтік тәжірибесін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Зерттеу негізінде бірнеше практикалық ұсыныстар беруге болады. Біріншіден, мектепке дейінгі ұйымдарда ерте психологиялық скрининг жүйесін енгізу қажет. Бұл 2–4 жас аралығындағы балалардың коммуникативтік қиындықтарын ерте анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, ата-аналарға арналған арнайы тренинг бағдарламаларын ұйымдастыру маңызды, себебі баланың коммуникациялық дамуы көбіне отбасындағы өзара әрекетке байланысты. Үшіншіден, әлеуметтік бастама, бірлескен назар, көз байланысы және диалогтық дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік дамыту бағдарламасын әзірлеу қажет. Төртіншіден, мектепке дейінгі ұйым психологтарының аутизмнің ерте белгілерін анықтау және түзету жұмыстарын жүргізу бойынша кәсіби даярлығын арттыру маңызды.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері ерте коррекциялық жұмыстың ғылыми негізін құрайды. Коммуникативтік дефициттің құрылымын нақтылау түзету бағдарламаларын дәл және мақсатты жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған материалдар педагог-психологтарға арналған әдістемелік ұсыныс ретінде қолданылуы мүмкін. Вербалды және вербалды емес коммуникацияны кешенді бағалау моделі тәжірибеде қолдануға ыңғайлы құрал бола алады.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу инклюзивті білім беру жүйесіне үлес қосады. Мектепке дейінгі кезеңде сапалы диагностика мен жүйелі психологиялық сүйемелдеу ұйымдастыру болашақта баланың білім беру кеңістігіне тиімді бейімделуін қамтамасыз етеді және оның әлеуметтік интеграциясын жеңілдетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Maenner, M. J., Shaw, K. A., Baio, J., et al. (2023). *Prevalence and Characteristics of Autism Spectrum Disorder Among Children Aged 8 Years — United States, 2020*. *MMWR Surveillance Summaries*, 72(2), 1–14.
2. American Psychiatric Association. (2013). *Diagnostic and Statistical Manual of Mental Disorders (5th ed.)*. Washington, DC: APA Publishing.
3. Kanner, L. (1943). *Autistic disturbances of affective contact*. *Nervous Child*, 2, 217–250.
4. Asperger, H. (1944). *Die „Autistischen Psychopathen“ im Kindesalter*. *Archiv für Psychiatrie und Nervenkrankheiten*, 117, 76–136.
5. Baron-Cohen, S. (2008). *Autism and Asperger Syndrome*. Oxford: Oxford University Press.
6. Frith, U. (2003). *Autism: Explaining the Enigma (2nd ed.)*. Oxford: Blackwell Publishing.
7. Dawson, G., Rogers, S., Munson, J., et al. (2010). *Randomized, controlled trial of an intervention for toddlers with autism: The Early Start Denver Model*. *Pediatrics*, 125(1), e17–e23.
8. Rogers, S. J., Dawson, G. (2010). *Early Start Denver Model for Young Children with Autism*. New York: Guilford Press.
9. Robins, D. L., Fein, D., Barton, M. L., Green, J. A. (2001). *The Modified Checklist for Autism in Toddlers (M-CHAT)*. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 31(2), 131–144.
10. Hyman, S. L., Levy, S. E., Myers, S. M. (2020). *Identification, Evaluation, and Management of Children With Autism Spectrum Disorder*. *Pediatrics*, 145(1), e20193447.
11. Wing, L. (1996). *The Autistic Spectrum: A Guide for Parents and Professionals*. London: Constable.

12. Baron-Cohen, S. (2000). *Theory of mind and autism: A review. International Review of Research in Mental Retardation*, 23, 169–184.
13. Выготский Л.С. (1984). *Мышление и речь*. Москва: Педагогика.
14. Выготский Л.С. (1983). *Собрание сочинений: в 6 т. Т. 5. Основы дефектологии*. Москва: Педагогика.
15. Gindis, B. (1999). *Vygotsky's vision: Reshaping the practice of special education for the 21st century. Remedial and Special Education*, 20(6), 333–340.
16. Bronfenbrenner, U. (1979). *The Ecology of Human Development: Experiments by Nature and Design*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
17. Bronfenbrenner, U., & Morris, P. A. (2006). *The bioecological model of human development*. In: Damon, W., & Lerner, R. M. (Eds.), *Handbook of Child Psychology (6th ed., Vol. 1, pp. 793–828)*. New York: Wiley.
18. Durkin, M. S., Maenner, M. J., Baio, J., et al. (2017). *Autism spectrum disorder among US children (2002–2010): Socioeconomic, racial, and ethnic disparities. American Journal of Public Health*.
19. Lovaas, O. I. (1987). *Behavioral treatment and normal educational and intellectual functioning in young autistic children. Journal of Consulting and Clinical Psychology*, 55(1), 3–9.
20. Cooper, J. O., Heron, T. E., Heward, W. L. (2007). *Applied Behavior Analysis (2nd ed.)*. Upper Saddle River, NJ: Pearson.
21. Rogers, C. R. (1951). *Client-Centered Therapy: Its Current Practice, Implications and Theory*. Boston: Houghton Mifflin.
22. Rogers, S. J., Vismara, L. A. (2008). *Evidence-based comprehensive treatments for early autism. Journal of Clinical Child & Adolescent Psychology*, 37(1), 8–38.
23. Tager-Flusberg, H., Paul, R., & Lord, C. (2005). *Language and communication in autism*. In: Volkmar, F. et al. (Eds.), *Handbook of Autism and Pervasive Developmental Disorders*. Hoboken, NJ: Wiley.
24. Lord, C., Rutter, M., DiLavore, P. C., Risi, S. (2012). *Autism Diagnostic Observation Schedule (ADOS-2)*. Los Angeles: Western Psychological Services.

**УДК 376.112.4**

**МРНТИ 14.29.01**

**DOI <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2026.85.2.004>**

*Ибраимова Айдана Асқатқызы  
«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық  
орталығы» РММ, Алматы, Қазақстан*

### **ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

*Аңдатпа. Бұл мақалада ерте жастағы балалармен түзету жұмысын топтық жұмыс арқылы ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылды. АИБД ҰҒПО ұсынған статистикалық деректерге үңілсек, елімізде бүгінде ерекше білімді қажет ететін балалардың санының жылдан-жылға күрт арту құбылысы байқалады. Бұл дегеніміз, олармен жүргізілетін түзету жұмыстарының дер кезінде әрі жүйелі жүргізілуін талап етеді. Ал, мұндай жұмыс балалардың ерте жас кезеңінен басталғанда тиімді әрі орынды*

болып табылады. Себебі, ерте жас балалардың дамуындағы ең маңызды, сензитивті өтпелі кезең ретінде қарастырылады.

Ерте жастағы балалармен түзету жұмысын ұйымдастыру кезінде қолданылатын әдістердің арасында топтық тәсілдің орны ерекше. Себебі, топтық жұмыс ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктеріне айқын үйлесетін тәсіл. Бүгінгі күні қазақстандық арнайы педагогика саласында ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыруға қатысты зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Мұндай ғылыми-әдістемелік қажеттілік тақырып өзектілігін айқындап, зерттеу сұрақтарын құруға негіз болады.

Мақаланың мақсаты: ерте жастағы ерекше білімді қажет ететін балалармен топтық жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын негіздеу.

Мақала нәтижелерінің практикалық маңыздылығы: зерттеуден алынған нәтижелер ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыруда назарға алуға ұсынылатын теориялық және практикалық тұрғыдан құнды дереккөзі бола алады.

Түйін сөздер: ерте жас, топтық жұмыс, педагогикалық шарт, даму.

*Ибраимова Айдана Асқатқызы*

*РГУ «Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования», Алматы, Казахстан*

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОРГАНИЗАЦИИ ГРУППОВОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ РАННЕГО ВОЗРАСТА**

*Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности организации коррекционной работы с детьми раннего возраста через групповую работу. Если взглянуть на статистические данные, предоставленные ННПЦ РСИО, то сегодня в стране наблюдается тенденция резкого увеличения количества детей с особыми образовательными потребностями из года в год. Это означает, что проводимые с ними коррекционные работы требуют своевременного и систематического подхода. А такая работа является эффективной и целесообразной, когда она начинается с раннего возраста детей. Это связано с тем, что ранний возраст считается наиболее важным, сензитивным переходным периодом в развитии детей.*

*Среди методов, используемых при организации коррекционной работы с детьми раннего возраста, особое место занимает групповой подход. Это связано с тем, что групповая работа-это подход, который четко вписывается в особенности развития детей раннего возраста. На сегодняшний день наблюдается недостаточное количество исследований в области Казахстанской специальной педагогики, касающихся организации групповой работы с детьми раннего возраста. Такая научно-методическая необходимость определяет актуальность темы и служит основой для построения исследовательских вопросов.*

*Цель статьи: обоснование педагогических условий организации групповой работы с детьми, нуждающимися в особых знаниях в раннем возрасте.*

*Практическая значимость результатов статьи: полученные из исследования результаты могут служить ценным в теоретическом и практическом плане источником, рекомендуемым к принятию во внимание при организации групповой работы с детьми раннего возраста.*

*Ключевые слова: ранний возраст, командная работа, педагогические условия, развитие.*

*Ibraimova Aidana Askatkyzy*

*«National scientific and practical center for the development of special and inclusive education»  
RSI, Almaty, Kazakhstan*

## **PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR ORGANIZING GROUP WORK WITH EARLY CHILDHOOD CHILDREN**

*Annotation. This article discusses the specifics of the organization of correctional work with young children through group work. If we look at the statistical data provided by the NNPC of the Russian Academy of Education, today there is a tendency in the country for a sharp increase in the number of children with special educational needs from year to year. This means that the corrective work carried out with them requires a timely and systematic approach. And such work is effective and expedient when it begins at an early age of children. This is due to the fact that early age is considered the most important, sensitive transition period in children's development.*

*Among the methods used in the organization of correctional work with young children, a special place is occupied by the group approach. This is due to the fact that group work is an approach that clearly fits into the peculiarities of early childhood development. To date, there is an insufficient amount of research in the field of Kazakh special pedagogy concerning the organization of group work with young children. Such a scientific and methodological necessity determines the relevance of the topic and serves as the basis for constructing research questions.*

*The purpose of the article is to substantiate the pedagogical conditions for organizing group work with children in need of special knowledge at an early age.*


*Practical significance of the results of the article: the results obtained from the study can serve as a valuable theoretical and practical source recommended for consideration when organizing group work with young children.*

*Keywords: early age, teamwork, pedagogical conditions, development.*

### **Кіріспе**

Білім берудің заманауи трансформациясы тек қана «оқыту-оқу» қағидасымен шектелмейді. Бүгінгі білім беру сипаты кәсіби қызметке құзыретті, тұлғалық және кәсіби қасиеттері қатар дамыған, әлеуметтік ортадағы өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын озық тұлғаны тәрбиелеуді көздейді. Осы мақсатқа орай балаларды мектепке дайындау балабақша қабырғасынан немесе ересек мектеп жасынан емес, ерте жас кезеңінен басталады. Сондықтан, қазіргі білім беру жүйесі ерте жастан білім беру процесін ұйымдастыру мен оған құзыретті мамандарды даярлау мәселесін іске асыруды көздейді [1].

Қазақстандық білім беру жүйесінде «ерте жас» ұғымы алғаш рет 2000 жылдардың басында қолданыла бастады. Осы кезеңде отандық автор Р.А. Сүлейменова ерте жастағы балаларды қолдау мәселесіне арналған кандидаттық диссертациясы және онда ұсынылған қолдау деңгейлерінен кейін ерте жастағы балаларды жан-жақты зерттеу процесі басталды. Автор ұсынған модель Алматы қаласы, ӘБЕО орталығынан сәтті апробацияланып, қолданысқа шығарылды. Осылайша, Р.А. Сүлейменова ұсынған қолдау деңгейлері төмендегідей кезеңдерді қамтиды [2]:



## 1 сурет – Ерте жастан көмек көрсету деңгейлері

«Ерте жас кезеңі» атауы жас ерекшеліктер психологиясына сәйкес сәбилік кезең мен мектеп жасына дейінгі кезең арасындағы өтпелі сензитивті кезеңді білдіреді. Жас ерекшелігі бойынша бала өмірінің 1-3 жас кезеңіне сәйкес келеді. Torgano D. және қосалқы авторлармен құрамымен әзірленіп жарияланған зерттеу еңбегінде бұл жастағы балалардың даму ерекшеліктеріне нақты талдаулар жасалады. Атап айтқанда, ерте жас психикалық процестердің қарқынды дамып, тұлғалық қасиеттердің қалыптасатын кезеңі екендігі көрсетіледі.

Ерте жастағы балалардың тағы бір ерекшелігі ақпаратты қабылдау және қолдану қабілетінің жетілгендігі болып табылады. Себебі, бұл жастағы балалардың орталық жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты олардың сыртқы орта жағдайларына бейімделгіштігі жоғары болады. Мұндай бейімделгіштік олардың жаңа дағдыларды жылдам меңгеруіне, түзету процесін жақсы қабылдауға, сонымен қатар, қарым-қатынас дағдыларын өнімді дамытуға ықпал етеді. Бұл сипатталған құбылыстар әдетте психикалық немесе (және) физикалық бұзылысы жоқ балаларда орын алады. Ал, бала дамуына кедергі келтіретін қандай да бір бұзылыстың болуы балалардың ерте жастағы дамуында дағдылардың жасына сай қалыптаспауына алып келеді [3].

Ерте жастағы балалардың дамуындағы бұзылыстардың барлығы олардың дамуындағы әлеуметтік және қоғамдық рөлін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Сәйкесінше, ерекше білімді қажет ететін ерте жастағы балалармен аранйы ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмыстарын өткізу өте маңызды. Сонымен қатар, балалардың жасын және жеке ерекшеліктерін ескеретін болсақ, олармен түзету жұмысын ұйымдастыру да бірқатар педагогикалық шарттардан және талаптардан тұрады. Ерте жастағы балалармен түзету жұмысының әдістерін таңда осы процестің тиімді болуының басты факторы деуімізге болады. Ал, әдістердің ішінде топтық әдістің рөлі ерекше. Себебі, ерте жастағы балалардың ерекшелігіне байланысты олармен топтарда жұмыс істеу өте тиімді. Топтық жұмыс барысында балалар бір-бірін бақылайды, еліктейді және қайталайды. Осылайша, түзету жұмысының нәтижелерін арттыру мүмкіндігі туындайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, түзету жұмысын ұйымдастырудың негізін педагогикалық шарттар құрайды. Бұл дегеніміз топтық жұмыстың тек топқа біріктіріп жұмыс атқару емес, тиімді жұмыс атқару мақсатындағы педагогикалық тәсіл екендігін білдіреді.

**Материалдар мен әдістер.** Мақала мазмұнында ұсынылған зерттеу мақсаты ерте жастағы ерекше білімді қажет ететін балалармен топтық жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын негіздеу болып табылады. Осы мақсатқа байланысты жұмысты төмендегідей зерттеу сұрақтары көзделеді:

- Ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері қандай?
- Ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастырудың педагогикалық шарттары мен мазмұны қандай?

Зерттеу мәселесінің (сұрақтарының) шешімдерін табу үшін зерттеу барысында келесі әдістер қатары қолданылды:

*Салыстыру әдісі.* Салыстыру әдісі зерттеу жұмысында ерте жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай даму ерекшеліктерін зерттеуде, топтық жұмыстың педагогикалық шарттарын өзара салыстыру барысында қолданылды.

*Теориялық талдау әдісі.* Теориялық талдау әдісі арқылы зерттеу сұрақтарының теориялық негіздері айқындалып, шолу жасалды. Мұнда «ерте жас» ұғымының мәні, ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктері, тақырыпты зерттеген авторлардың тұжырымдары қарастырылды. Теориялық талдау әдісі отандық авторлардың диссертациялары, нормативтік құжаттар, рейтингтік журналдар (Scopus, Web of Science) және ҚР ҒЖЖБМ саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарды қолдана отырып жүзеге асырылды.

*Жүйелеу әдісі.* Жүйелеу әдісін қолдану арқылы алынған ақпарат түрлері жүйеленіп, бірізді ғылыми стилде ұсынылды. Жүйелеу жұмысында мәтін, кесте және сурет түріндегі ақпарат қолданылды.

*Әдебиеттерді өңдеу әдісі.* Әдебиеттерді өңдеу әдісі арқылы зертету әдебинетіне транслитерация жасалды.

**Зерттеу нәтижелері.** Бала дамуы жас кезеңдері психологиясына сәйкес бірнеше кезеңдерден тұрады. Соның ішінде 1 мен 3 жас аралығын қамтитын кезең «ерте жас» деп аталады. Кезеңнің ерекшелігі мен басты көрсеткіші сензитивтілік болып табылады. Яғни, баланың барлық қызметтері мен функциялары осы кезеңде қарқынды дамиды. Баланың когнитивті жүйесі мен физикалық қызмет түрлері дамуында үлкен өзгерістер орын алады. Аталған даму орталық жүйке жүйесінің қызметімен басқарылатын болғандықтан, мұндай қарқынды даму барысында «ерте жас дағдарысы» деп аталатын кризистік кезең де орын алады. Сонымен қатар, ерте жастағы балалардың жетекші әрекеті заттық әрекет түрі ретінде қалыптасып, кезеңнің соңына қарай ойын әрекеті ерекше дамиды. Осылайша, «ерте жас» ұғымының мәнін негіздей отырып, бұл кезеңнің әрбір жартыжылдығында орын алатын ерекшеліктерді төмендегі кестеде ұсынамыз:

*Кесте 1 – Ерте жас онтогенезі*

№	Жас кезеңі (ай)	Негізгі сипаттамасы
1	12-18 ай	Сензитивті кезеңнің басталуы, психикалық-физикалық процестердің қарқынды дамуының бастапқы кезеңі
2	18-24 ай	Жетекші әрекеттің анық көрінуі, мақсатты әрекет дағдысының қалыптасуы
3	24-30 ай	Әрекет түрлерінің күрделенуі және қарым-қатынас дағдыларының дамуы, сөйлеу тілінің дамуы
4	30-36 ай	Мектепке дейінгі кезеңге көшу үрдісінің басталуы, сөйлеу тілінің жетік дамуы, қоршаған ортада мақсатты әрекет ету дағдыларының қалыптасуы

Жоғарыда ұсынылған теориялық деректе көрсетілгендей, балалардағы физиологиялы қарқындылық олардың дамуындағы кризистік кезеңге алып келеді. Яғни, балаларда бұл кезеңде дамумен қатар мінез-құлықтың қиындықтары, психологиялық өзгерістер мен коммуникациялық қиындықтар арқылы көрінетін уақытша өзгермелі жағдай орын алады. Психолог маманардардың айтуынша, бұл кезең балаларда орта есеппен алғанда 6 айға дейінгі уақытты құрайды.

Демек, ерте жастағы балаларда қалыпты жағдайда да даму біркелкі емес қарқынды дамиды. Сәйкесінше, мұндай жағдай ерекше білімді қажет ететін балалардың да дамуында өзіндік қиындықтарын алып келеді. Ерекше білімді қажет ететін ерте жастағы балаларда ерте жас кризисі және дамудың спецификалық ерекшеліктеріне байланысты күрделі өтеді.

Жетекші әрекеттің ерте жас кезеңінде заттық түрде болатындығын ескерсек, түзету ортасын жабдықтау және түзету жұмысының мазмұнын құру кезінде осы ерекшеліктер есепке алынуы тиіс. Балалардың даму психологиясын зерттей отырып, Д.Б. Эльконин өз жұмысында ерте жастағы балалардың негізгі әрекеті манипулятивті әрекет түріне бағытталатыны жөнінде деректер келтіреді [8].

Бала дамуының мәселелерін зерттеген авторлардың бірі Л.С. Выготский өз жұмыстарында ерте жастағы балалардың әлеуметтік ерекшеліктерін қарастырды. Автор өз теориясында ерте жастағы балалардың әлеуметтік ортаға деген қажеттілігін жоғары

бағалайды. Сонымен бірге, балаларды әлеуметтік ортаға енгізуді баланы дамытудағы негізгі тәсілдердің бірі ретінде ұсынады. Демек, топтық жұмыс балалардың әлеуметтік ортаға енуінің микродеңгейі ретінде қарастырылатын тиімді стратегия болып табылады [9].

Ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыруды тиімді технология дегенмен де, оның тиімділігі ұйымдастыру кезіндегі педагогикалық шарттардың сақталуына тікелей тәуелді. Ал, бұл педагогикалық шарттар педагогика, психология және арнайы педагогика ғылымдарындағы негізгі қағидалар мен талаптар негізінде әзірленеді. Сонымен, педагогикалық шарттардың әрқайсына жеке-жеке тоқталып өтейік [10]:

Алғашқы педагогикалық шарт арнайы педагогикадағы кез-келген түзету жұмысының негізін құрайтын қағидамен тікелей байланысты. Яғни, бірінші шарт ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде олардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеруді көздейді. Яғни, балаларды тек топқа біріктіру және топта түзету жұмысын өткізу жеткіліксіз. Топта өткізілетін жұмыс мазмұны балалардың жасына және олардың осы жас кезеңіндегі даму ерекшеліктеріне негізделі отырып дайындалуы шарт. Яғни, өзекті даму аймағы мен жақын арадағы даму аймағын ескеру арқылы балаларды тиімді дамытуға болады. Бұл педагогикалық шартты ескеру шағын топтарды құру кезінде де басты назарға алынады. Себебі, бір топта жасы шамалас балалар біріктіріліп, түзету сабақтары ұйымдастырылады. Мәселен, ерте жастағы балалардан топтарды құру кезінде 1 және 3 жастағы балалармен топты құру тиімсіз деуге болады. Себебі, олардың жетекші әрекеті, қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларының қалыптасу сипаты түрлі болып келеді. Бұл олардың топтық өзара әрекеттесуіне кері ықпалын тигізеді. Сәйкесінше, педагогтер топтарды құру барысында және жұмыс мазмұнын құруда аталған педагогикалық шартты ескерулері міндетті.

Ерте жастағы балалармен жұмыстағы келесі педагогикалық шарт денсаулық сақтау қағидасымен тікелей байланысты. Яғни, түзету жұмысын ұйымдастыру кезінде жұмыс мазмұны тек педагогикалық мақсатқа ғана емес, сонымен қатар, балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада болуымен де байланысты болуы қажет. Балалардың ерте жастағы эмоционалды даму ерекшеліктерін ескеретін болсақ, бұл кезеңде түзету жұмысына ата-аналардың қатысуы, педагогтердің қауіпсіз ортаны құруы, сонымен қатар, педагогикалық ортадағы жайлылықты қамтамасыз етуі өте маңызды. Баламен түзету жұмысы «жұмсақ» тәсілдерге, эмоционалды тығыз байланысқа бағытталуы тиіс. Бұл түзету жұмысының тиімділігін арттырып, өнімді нәтижелерді қамтамасыз етеді [11].

Қарастыратын келесі педагогикалық шарт әлеуметтік механизм қағидасын есепке алуға қатысты болып келеді. Себебі, бұл қағидаға сүйенетін болсақ, ерте жастағы балалардың негізгі үйрену механизмі өзгелерге еліктеу мен бақылау арқылы жүзеге асырылады. Яғни, топтық жұмыс тек қатаң дидактикалық қағидаларға емес, керісінше, еркін сабақтар түрінде өткізілуі қажет. Балалар көбірек бақылау және еліктеу арқылы жаңа дағдылар мен біліктерді сәтті қалыптастырады.

Әлеуметтік механизм қағидасын ескере отырып, топтық жұмыстың келесі педагогикалық шартын ұсына аламыз. Топтық жұмысты ұйымдастыру процесінен бөлек оның мазмұнына да қойылатын талаптар қатары бар. Ерте жастағы балалардың жетекші әрекеті ойын және заттық әрекет болғандықтан, сабақтардың негізгі фрагменті де осы әдістерге бағытталуы қажет. Дегенмен, ойын тек уақыт өткізу құралы емес, жұмыс мақсатына бағытталған педагогикалық әрекет ретінде ұйымдастырылуы тиіс. Ойындарды құрылымды әрі жүйелі өткізу арқылы балалардың қоршаған ортаны тануына, дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік туындайды. Ф.Фребель жұмысында көрсетілгендей ойын ерте жастағы балаларды дамытудағы негізгі әдіс болып саналады. Сол себепті, ерте жастағы балалармен топтық жұмыс кезінде қолданылатын ойындарды мазмұнды әрі мақсатына сай ұсыну өнімді нәтижелерге алып келеді [12; 13].

Ерте жастағы балалармен педагогикалық жұмыстың тағы бір маңызды шарттарының бірі білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесу болып табылады. Яғни, түзету жұмысында ерте жастағы балалармен тек педагог мамандар ғана емес, сонымен қатар, олардың ата-аналарының да қатысуы өте маңызды. Бұл балалардың педагогикалық ортасының жайлылығын арттыруға, ата-аналардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуға оңды ықпал етеді.

Сонымен, ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыру жоғарыдағы педагогикалық шарттарды назарға алуды ұстанады.

**Талқылау.** Ерте жастағы балаларды дамыту кезінде топтық тәсілді қолдану теориялық талдау кезеңінде көрсетілгендей тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, топтық жұмысты ұйымдастыру барысында ұсынылған педагогикалық шарттарға сүйену түзету жұмысының тиімді әрі ұзақмерзімді болуына әсер ететін негізгі фактор деуімізге болады. Ерте жастағы балалармен педагогикалық түзету жұмысын ұйымдастыратын мамандардың тәжірибелік ұсынымдарына сүйенетін болсақ, балалармен жұмыс кезінде тиімді топтық тәсілдер, формалар және заманауи инновациялық әдістердің қолданылуы қажет. Бұл таңдалған әдістер балалардың сөйлеу тілін, қарым-қатынас дағдыларын, танымдық қызметтерін, сенсорлық жүйесін және әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын дамытуға бағытталады. Бұл салаларды дамыту әдістерін таңдау барысында бұл әдістердің мамандарға әрі ата-аналарға да қолдану мүмкіндігінің болуы ескеріледі. Ал, әдіс мазмұны мен формасына келсек, мұнда жұмыс барысында қарастырылған бірінші педагогикалық шарт ұсынылады [14].

Бірінші педагогикалық шартты есепке ала отырып, жұмыстың екінші педагогикалық шарты әзірленді. Ерте жастағы балалармен қатаң нұсқаулықтарсыз, қайталауға және еліктеуге сүйенетін әдістерді таңдауымыз қажет. Бала педагогикалық процесс барысында өзін жайлы сезінер болса – олармен коммуникация орнату да жеңілдірек болады.

Әлеуметтік механизм мен әдістерді таңдауға құрылған педагогикалық шарттар ерте жастағы балалармен топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде тиімді тәсілдерді таңдау мақсатына бағытталады. Сонымен бірге, мұндай жұмыстарға тек педагогтер ғана емес, ата-аналардың да белсенді енуі өте маңызды.

Ұсынылған педагогикалық шарттар теориялық талдау және тәжірибеден алынған бақылау деректеріне сүйене отырып жасалынды. Тақырып өзекті әрі алда перспективалы талдауды қажет етеді деп бағаланады.

### **Қорытынды**

Мақала әдістеріне сәйкес жүргізілген зерттеу нәтижесінде ерте жастағы балалардың даму ерекшеліктері айқындалып, әрбір ерте жас кезеңіне сай дағдылардың қалыптасу онтогенезі ұсынылды. Сонымен қатар, ерте жас кезеңінің баланың тұлға ретінде қалыптасуындағы маңызы талданып, түзету жұмысының негізгі бағыттары айқындалды. Осы бағыттар бойынша түзету жұмысының педагогикалық шарттары беріліп, әрбір шарттың мазмұнына талдау жасалды.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің өзгермелі жағдайларында ерекше білімді қажет ететін балаларды ерте жастан бастап дамыту олардың қоғамда өз қатарластарымен тең азамат ретінде қалыптасуына ықпал ететін ең тиімді қадам деп қорытынды жасауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Polat F., Karakuş M., Helmer J., Malone K., Gallagher P., Mussabalinova A., Zontayeva Z., Mnazhatdinova A. Factors affecting multi-stakeholders perspectives towards inclusive early childhood education (IECE) in Kazakhstan // *Children and Youth Services Review*. – 2023. – Vol. 155. – Article 107224 <https://doi.org/10.1016/j.childyouth.2023.107224>
- 2 Сулейменова Р.А. *Организационно-технологические основы ранней коррекционно-педагогической помощи детям с ограниченными возможностями (на материале Республики Казахстан): автореф. дис. ... д-ра пед. наук.* – М., 2001. – 36 с.

- 3 Hernández-Torrano D., Ibrayeva L., Sergazina M., Burambayeva A., Kulsary A., Vella-Brodrick D., Eadie P. What makes young children happy? Exploring well-being through children's perspectives in early childhood education // *Early Childhood Education Journal*. – 2025. – Vol. 53. – No. 1. – P. 1–15.
- 4 Дуниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ). Ресми сайт [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.who.int/> (қаралған күні: 22.03.2026).
- 5 Шереметьева Е. В. Предупреждение отклонений речевого развития у детей раннего возраста // М.: Национальный книжный центр. – 2012. – Т. 168. – С. 4.1.
- 6 Браткова М. В., Закрепина А. В., Пронина Л. В. Коррекционное обучение и развитие детей раннего возраста в играх со взрослым. – 2013.
- 7 Филатова Ю. О. Онтогенез и дизонтогенез плавности речи у детей // *Дефектология*. – 2018. – №. 5. – С. 33-42.
- 8 Эльконин Д. Б. Игра и психическое развитие // *Альманах Института коррекционной педагогики*. – 2017. – №. 28. – С. 32-66.
- 9 Выготский Л.С. Мышление и речь. Психология искусства. Вопросы детской психологии. – М.: Эксмо, 2025. – 848 с.
- 10 Леонтьев А.Н. Проблемы психологии: учеб. пособие для вузов / под ред. Д.А. Леонтьева. – М.: Смысл, 2024. – 327 с.
- 11 Мамедова Л. В. Особенности психического развития детей раннего возраста // *Современное педагогическое образование*. – 2018. – №. 6. – С. 255-259.
- 12 Кухтова Н. В., Сотникова Е. И., Белановская М. Л. Измерение стилей семейного воспитания детей и механизмов социального научения // *Психология человека в образовании*. – 2023. – Т. 5. – №. 2. – С. 283-304.
- 13 Брюханова И. А. Фридрих Фребель-фундатор дошкольного образования // *Путь в педагогическую науку: проблемы и решения*. – 2019. – №. 5. – С. 10-16.

**УДК 376.42**

**МРНТИ 14.29.21**

**DOI <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2026.85.2.011>**

<sup>1</sup>Сардарова Ж.И., <sup>2</sup>Дауренбекова М.Н.

<sup>1</sup>п.ғ.д., қауымд.проф. Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> «Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру» мамандығының 1-курс магистранты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **КӘСІБИ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ ПӘНІНДЕ ЗИЯТЫ ЖЕҢІЛ ЗАҚЫМДАЛҒАН 8-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕК DAҒДЫЛАРЫН ДАМУЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада зияты жеңіл зақымдалған 8-сынып оқушыларының «Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі» пәнінде еңбек дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуін, дербестігін және болашақ кәсіби қызметке даярлығын қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады. Зерттеудің мақсаты – кәсіби еңбекке баулу сабақтарында Step-by-step технологиясы мен QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды қолданудың еңбек дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименттік жолмен анықтау. Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, диагностикалық бағалау, сауалнама және эксперименттік әдістер қолданылды. Еңбек дағдыларының қалыптасу деңгейі С.Л. Мирский әдістемесі, ал кәсіби қызығушылық деңгейі Ю.П. Засядько тесті арқылы бағаланды. Эксперимент нәтижелері оқушылардың басым бөлігінде еңбек әрекетін жоспарлау, әрекеттердің реттілігін сақтау және өздігінен жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар кезеңдік оқыту технологиясын, QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды және көрнекі алгоритмдерді пайдалану оқушылардың оқу мотивациясын, практикалық әрекеттерді орындау сапасын және дербестігін арттыруға ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері арнайы мектеп жағдайында кәсіби-еңбек дағдыларын қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** зияты жеңіл зақымдалған оқушылар, кәсіби еңбекке баулу, еңбек дағдылары, Step-by-step технологиясы, QR-код, бейне-нұсқаулық, арнайы педагогика, тігін ісі.

*Сардарова Ж.И., <sup>2</sup>Дауренбекова М.Н.*

<sup>1</sup>*д.п.н., ассоц.профессор кафедры Специальная педагогика, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup>*магистрант 1 курса по специальности 7М01902 – Специальная педагогика: Инклюзивное образование*

### **РАЗВИТИЕ ТРУДОВЫХ НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ 8 КЛАССА С ЛЁГКОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ НЕДОСТАТОЧНОСТЬЮ НА УРОКАХ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТРУДОВОГО ОБУЧЕНИЯ**

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема развития трудовых навыков у учащихся 8-х классов с лёгкими интеллектуальными нарушениями на уроках предмета «Профессионально-трудовое обучение. Швейное дело». Актуальность исследования обусловлена необходимостью формирования у обучающихся с особыми образовательными потребностями самостоятельности, социальной адаптации и готовности к будущей профессиональной деятельности. Цель исследования – теоретически обосновать и экспериментально определить эффективность применения технологии Step-by-step и видеоинструкций с использованием QR-кодов при формировании трудовых навыков. В ходе исследования использовались методы педагогического наблюдения, диагностического оценивания, анкетирования и педагогического эксперимента. Уровень сформированности трудовых навыков определялся по методике С.Л. Мирского, а профессиональная мотивация – с помощью теста Ю.П. Засядько. Результаты исследования показали недостаточную сформированность у большинства учащихся навыков планирования трудовой деятельности, соблюдения последовательности операций и самостоятельного выполнения практических заданий. Вместе с тем установлено, что использование технологии пошагового обучения, видеоинструкций по QR-кодам и наглядных алгоритмов способствует повышению учебной мотивации, качества выполнения практических работ и уровня самостоятельности обучающихся. Полученные результаты подтверждают эффективность современных педагогических технологий в развитии профессионально-трудовых навыков обучающихся с лёгкими интеллектуальными нарушениями.

**Ключевые слова:** учащиеся с лёгкими интеллектуальными нарушениями, профессионально-трудовое обучение, трудовые навыки, технология Step-by-step, QR-код, видеоинструкция, специальная педагогика, швейное дело.

*<sup>1</sup>Zh.I. Sardarova, <sup>2</sup>M.N. Daurenbekova*

*<sup>1</sup>Scientific advisor, Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor*

*<sup>2</sup>Ind-year Master's Student, Specialty 7M01906 - Special Pedagogy: Inclusive Education Abai Kazakh National Pedagogical University*

### **DEVELOPMENT OF WORK SKILLS IN 8TH-GRADE STUDENTS WITH MILD INTELLECTUAL DISABILITIES IN VOCATIONAL LABOR TRAINING CLASSES**

**Abstract.** The article examines the development of vocational labor skills among eighth-grade students with mild intellectual disabilities in the subject *Vocational Labor Training (Sewing)*. The relevance of the study is determined by the need to promote independence, social adaptation, and preparedness for future employment among students with special educational needs. The study aims to provide a theoretical justification and experimentally verify the effectiveness of the Step-by-step instructional technology combined with QR code-based video tutorials in developing vocational labor skills. The research employed pedagogical observation, diagnostic assessment, questionnaires, and an educational experiment. The level of labor skill development was assessed using S.L. Mirsky's methodology, while vocational motivation was evaluated using Yu.P. Zasyadko's test. The findings revealed that most students experienced difficulties in planning work activities, following the sequence of operations, and completing practical tasks independently. At the same time, the

use of step-by-step instruction, QR code-based video tutorials, and visual algorithms significantly improved students' learning motivation, practical performance, and independence. The results confirm the effectiveness of modern educational technologies in developing vocational labor skills among students with mild intellectual disabilities in special education settings.

**Keywords:** students with mild intellectual disabilities, vocational labor training, labor skills, Step-by-step technology, QR code, video tutorial, special education, sewing.

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі мен болашақ кәсіби өмірге дайындығын қамтамасыз ету арнайы педагогиканың өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру олардың дербестігін арттыруға, қоғамға табысты кірігуіне және болашақта қолжетімді кәсіп түрлерін меңгеруіне мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда арнайы мектеп жағдайында оқытылатын «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінің мазмұны ерекше маңызға ие [1].

Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен әлеуметтік қолдау мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылып келеді. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық құжаттарында ерекше білім алушылардың өмірлік құзыреттерін, еңбекке даярлығын және кәсіби бағдарын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Бұл талаптар арнайы мектептерде кәсіби еңбекке баулу пәнінің мазмұнын жаңартуды және оқытудың тиімді педагогикалық технологияларын енгізуді қажет етеді[2-3].

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың танымдық процестерінің, қабылдау, есте сақтау, ойлау және зейін ерекшеліктерінің болуы еңбек әрекеттерін меңгеруде арнайы педагогикалық қолдауды талап етеді. Сондықтан еңбекке баулу сабақтарында әрекеттерді кезең-кезеңімен ұйымдастыру, көрнекілікке сүйену, практикалық жаттығуларды жүйелі қайталау және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану еңбек дағдыларын қалыптастырудың тиімді шарттарының бірі болып саналады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың (Г.М. Дульнев, С.Л. Мирский, Б.И. Пинский, А.К. Рсалдинова, Б.С. Халықова және т.б.) еңбектерінде зияты жеңіл зақымдалған оқушыларды еңбекке даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылып, еңбек әрекетінің олардың әлеуметтік бейімделуі мен дербес өмір сүруіне ықпалы дәлелденген. Зерттеулерде еңбек дағдыларын қалыптастырудың практикалық бағыттылығы, әрекеттерді жүйелі меңгерту және оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру қажеттілігі атап көрсетілген. Сонымен қатар қазіргі білім беру тәжірибесінде оқытудың цифрлық технологияларын пайдалану ерекше білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға, еңбек операцияларын меңгеруді жеңілдетуге және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді[4-7].

Соңғы жылдары арнайы педагогикада еңбек әрекеттерін кезең-кезеңімен меңгертуге негізделген Step-by-step технологиясы кеңінен қолданыла бастады. Бұл технология оқу тапсырмаларын қарапайым және бірізді әрекеттерге бөліп, әр кезеңді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. QR-кодтар арқылы ұсынылатын қысқа бейне-нұсқаулықтар оқушылардың тапсырманы бірнеше рет қарап, әрекетті өздігінен қайталауына жағдай жасап, олардың танымдық ерекшеліктерін ескере отырып еңбек дағдыларын тиімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Осыған байланысты зияты жеңіл зақымдалған 8-сынып оқушыларының кәсіби еңбекке баулу пәнінде еңбек дағдыларын заманауи педагогикалық технологиялар негізінде дамыту мәселесі ғылыми және практикалық тұрғыдан ерекше өзектілікке ие.

Зерттеудің мақсаты – кәсіби еңбекке баулу пәнінде Step-by-step технологиясы мен QR-код арқылы ұсынылатын бейне-нұсқаулықтарды қолдану негізінде зияты жеңіл зақымдалған

8-сынып оқушыларының еңбек дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименттік жолмен анықтау.

Кәсіби-еңбек дағдыларын қалыптастыру арнайы педагогикадағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуі мен дербестігін қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Зияты жеңіл зақымдалған оқушылар үшін еңбекке баулу олардың өмірлік құзыреттіліктерін, әлеуметтік ортаға кірігуін және болашақ еңбек әрекетіне даярлығын қалыптастырады.

Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясына сәйкес, оқушы еңбек әрекеттерін алдымен ересектің көмегімен орындап, кейін оларды өз бетінше меңгереді. Сондықтан мұғалімнің бағыттаушы рөлі, үлгі көрсетуі және бірлескен әрекетті ұйымдастыруы еңбек дағдыларын қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады [8]. А.Н. Леонтьев іс-әрекетті мотив–мақсат–әрекет–операция жүйесі ретінде қарастырып, күрделі еңбек әрекеттерін қарапайым операцияларға бөліп оқытудың тиімділігін негіздеген [9]. Ал С.Л. Рубинштейннің сана мен іс-әрекет бірлігі қағидасына сәйкес, еңбек әрекеті оқушылардың практикалық дағдыларымен қатар зейін, есте сақтау және ойлау сияқты танымдық процестерін де дамытады [10].

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбекке оқытуда оқу материалын көрнекі және кезең-кезеңімен ұсыну, әрекеттерді жүйелі қайталау және тұрақты мотивациялық қолдау көрсету еңбек дағдыларын тиімді қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары болып табылады.

Зияты жеңіл зақымдалған оқушылардың көпшілігі еңбек әрекетін алдын ала жоспарламай, тапсырманың мазмұнын толық түсінбей орындайды. Соның салдарынан олар қате тәсілдерді байқаса да өзгертпей жалғастырып, тапсырманы талапқа сай орындай алмайды. Бұл ерекшелік олардың танымдық және реттеуші әрекеттерінің жеткіліксіз қалыптасуымен түсіндіріледі (Б.И. Пинский, Г.М. Дульнев және т.б.). Сонымен қатар қарапайым және бірнеше рет орындалған еңбек тапсырмаларында кейбір оқушылар өздігінен жұмыс істей алады, нәтижесін бағалап, мұғалімнің көмегінсіз әрекет етуге қабілетті.

Қазіргі арнайы білім беру тәжірибесінде еңбек дағдыларын қалыптастыруда қадамдық оқыту (Step-by-step) технологиясы тиімді қолданылуда. Бұл әдіс еңбек әрекетін нақты кезеңдерге бөліп, әрбір қадамды жүйелі меңгертуге негізделген [11]. Әдісті QR-код арқылы ұсынылатын қысқа бейне-нұсқаулықтармен ұштастыру оқушыларға әрекетті бірнеше рет бақылап, өздігінен қайталауға мүмкіндік береді. Мұндай цифрлық қолдау әрекеттердің реттілігін сақтауға, қателерді азайтуға және оқушылардың дербестігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар технологиялық карталар мен анықтамалық сигналдарды пайдалану еңбек әрекетін жоспарлау және орындау дағдыларын тиімді қалыптастырады.

4. Дружинина Л.А. Психолого-педагогическое сопровождение дошкольников с нарушениями зрения в условиях инклюзивного образования: учебно-методическое пособие / Л.А. Дружинина, Л.Б. Осипова, Л.И. Плаксина. – Челябинск: Южно-Уральский государственный гуманитарно-педагогический университет, 2017
5. Малева З.П. Организационно-педагогические условия образования детей с нарушениями зрения в инклюзивной среде. //Вестник Челябинского государственного университета. Образование и здравоохранение. 2021. № 1 (13)
6. Подколзина Е.Н. Особенности использования наглядности в обучении детей с нарушением зрения // Дефектология
7. Плаксина Л.И. Теоретические основы коррекционной работы в специальных (коррекционных) образовательных учреждениях для детей с нарушением зрения. – Москва : Городец, 1998. – 262 с.
8. Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогики: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения : учеб. пособие для студентов высших учебных заведений. – Москва : Владос, 2000. – 240 с.
9. Солнцева Л.И. Тифлопсихология детства. – Москва : Полиграф сервис, 2000. – 256 с.
10. Волкова Л.С. (ред.). Специальная педагогика : учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений / Л.С. Волкова, Н.М. Назарова, Т.В. Розанова и др.; под ред. Л.С. Волковой. – Москва : Академия, 2004. – 576 с.

УДК 376.1

МРНТИ 14.29.01

ДОИ <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2026.85.2.006>

<sup>1</sup>Д.Р. Каримова, <sup>2</sup>З.А. Мовкебаева

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Педагогика және психология институтының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>П.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативтік дағдыларының даму ерекшеліктері қарастырылды. Коммуникативті дағдылар балалардың қоғамда әлеуметтенуі мен қарым – қатынас жасауына қажетті негізгі дағды болғандықтан, бұл дағдыны дамыту түзету жұмысының мазмұнындағы міндетті бағыттардың бірі болып табылады. Коммуникативті дағдыларды дамыту арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың дербестігіне, өзіне – өзі қызмет көрсетуіне, сонымен қатар, қоғамдық мінез – құлық ережелерін меңгеруіне қол жеткізе аламыз. Демек, аталған дағдыны дамыту жұмысының негізі алдымен балалардың коммуникативті дағдыларының бастапқы деңгейін анықтаудан басталады. Сәйкесінше, бұл анықтау эксперименті әрі қарай дамыту жұмысының бағыттарын айқындайтын тетік болады.

Мақала барысында «Шам – шырақ» түзету орталығының балаларымен өткізілген эксперимент жұмысының мазмұны, барысы мен нәтижелері сипатталды. Сонымен қатар, мәселеге теориялық талдау жасалып, шолу материалдары ұсынылды.

Кілт сөздер: ерекше қажеттіліктері бар бала, коммуникативті дағдылар, коммуникация, қарым – қатынас, сөйлеу тілі.

<sup>1</sup>Д.Р. Каримова, <sup>2</sup>З.А. Мовкебаева

<sup>1</sup>Магистрант Института педагогики и психологии Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Д.п.н., профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности развития коммуникативных навыков детей с особыми потребностями. Поскольку коммуникативные навыки являются основным навыком, необходимым для социализации и общения детей в обществе, развитие этого навыка является одним из обязательных направлений в содержании коррекционной работы. Развивая коммуникативные навыки, мы можем добиться самостоятельности, самообслуживания детей с особыми потребностями, а также усвоения правил общественного поведения. Следовательно, основа работы по развитию данного навыка начинается сначала с определения начального уровня коммуникативных навыков детей. Соответственно, этот констатирующий эксперимент станет механизмом, определяющим направления дальнейшей развивающей работы.

В ходе статьи были описаны содержание, ход и результаты экспериментальной работы с детьми коррекционного центра «Шам – шырақ». Кроме того, был проведен теоретический анализ проблемы и представлены обзорные материалы.

Ключевые слова: ребёнок с особыми образовательными потребностями, коммуникативные навыки, коммуникация, общение, речь.

<sup>1</sup>D.R. Karimova, <sup>2</sup>Z.A. Movkebayeva

<sup>1</sup>Master's student at the institute of pedagogy and psychology, Kazakh national women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>D.p.s., associate professor, Kazakh national women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan

## FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS IN CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

**Abstract.** The article considered the features of the development of communication skills of children with special needs. Since communication skills are the main skill necessary for children to socialize and communicate in society, the development of this skill is one of the mandatory areas in the content of correctional work. Through the development of communication skills, children with special needs can achieve independence, self – service, as well as mastery of the rules of public behavior. Therefore, the basis of the work on the development of this skill first begins with determining the initial level of children's communication skills. Accordingly, this detection experiment will be a mechanism that will determine the directions of further development work.

In the course of the article, the content, course and results of the experimental work with children of the Correctional center «Sham – shyрак» were described. In addition, a theoretical analysis of the problem was carried out and review materials were presented.

Keywords: child with special educational needs, communication skills, communication, interpersonal communication, speech.

**Кіріспе.** Соңғы жылдары ерекше білімді қажет ететін балалардың санының артуы қоғамдық маңызға ие тақырыптардың бірі болып отыр. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың артуымен олардың ішінде коммуникативті дағдыларының бұзылысы бар балалардың да саны еселене түсуде. Коммуникативті дағдылар балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін жүзеге асыратын болғандықтан, арнайы педагог мамандардың түзету жұмысында аталған дағдыны дамыту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуі шарт. Балалар коммуникацияға түсу, өзара әрекеттесу арқылы қоғамға бейімделіп, өзінің әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Коммуникативті дағдылардың қалыптасу негізі тілдік және тілдік емес дағдылардың дамуы деуімізге болады. Демек, тілдік және тілдік емес дағдылардың дамымауы ерекше қажеттіліктері бар балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуына кері ықпал етіп, балалардың оқу мотивациясын төмендетіп, бірлескен жұмысқа деген дайындығын әлсіретеді.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдысының қалыптасуы әрқелкілікпен, кездейсоқтықпен және жүйесіздікпен сипатталады. Балалардың біріншілік бұзылысының қандай болғанына қарамастан, ерекше қажеттіліктері бар балалардың басым бөлігінде коммуникативті дағдылардың түбегейлі бұзылысы кездеседі.

*Мақала мақсаты:* ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасу мәселесін теориялық негіздеп, коммуникативті дағдының қалыптасуының негізгі ерекшеліктерін айқындау.

*Міндеттері:*

- ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасу мәселесін теориялық негіздеу;
- ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін эксперименталды тұрғыдан анықтау;

- ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасуындағы негізгі мәселелерді айқындау.

Зерттеу нысаны: ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасу процесі.

Зерттеу пәні: ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасуының теориясы мен тәжірибесі.

### Әдебиеттерге шолу

Коммуникативті дағдылар психология және педагогика ғылымында қоршаған ортамен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін, ақпаратты алу мен жеткізуге жауапты тілдік және тілдік емес дағдылардың жиынтығы болып табылады. Коммуникативті дағдының және оның алғышарттарының қалыптасуы балалардың сәбилік шағынан бастау алады. Осы кезеңнен бастап балаларда коммуникация қоршаған ортамен байланыстың негізгі құралына айналады. Коммуникативті дағдылардың қалыптасуы әдетте еліктеу және үйрету арқылы жүзеге асырылатын болса, ерекше қажеттіліктері бар балаларда бұл дағды арнайы жұмыссыз қалыптаспайды. Яғни, ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру мамандардың барлығына ортақ міндет болып табылады [1].

Коммуникативті дағды мәдени – тарихи тәсіл тұрғысынан алғанда ересек адамдар мен балалардың бірлескен әрекетімен шартталатын әлеуметтік процесс ретінде қарастырылады. Коммуникативті дағды компоненттеріне келетін болсақ, ол өз мазмұнында мына үш дағдыны біріктіреді:



Сурет 1 – Коммуникативті дағдылардың компоненттері

Жоғарыда ұсынылған компоненттер балалардың онтогенезінде кезең – кезеңімен дамып, ересек мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасып болады. Бірақ, адам өмірінің барлық кезеңдерінде коммуникация құралы, сипаты мен мазмұны қоршаған ортаның ерекшеліктеріне қарай өзгеріп, жаңа біліктер дами түседі. Төменде балалардағы коммуникативті дағдының қалыптасу ретін ұсынамыз:

Балалардың туғанынан бір жасына дейінгі кезеңде балалардағы коммуникацияның негізгі сипаты эмоционалды және вербальды емес болып табылады. Яғни, балалар ересек адамдарға тілдік емес дағды және өзіндік эмоциясын көрсете отырып қарым – қатынасқа түсуге тырысады. Мысал ретінде балалардың таныс адамын көргенде күлуін, бөтен адамды жатырқауын, сонымен қатар, бірлескен ойынға талпынуын жатқызсақ болады. Бала өмірінің бірінші жылында сәбиде таныс адамның даусына, әрекетіне деген реакция пайда болады. Ал, алты ай шамасында балаларда вербальды қарым – қатынастың алғашқы көрінісі уілдеу мен былдыр пайда болады. Ал, бір жылдың соңындағы коммуникацияның басты көрсеткіші ересек адамдардың қарапайым коммуникациялық әрекетіне деген реакция болып табылады [2].

Ерте жастағы кезеңдегі коммуникациялық дағдылардың қалыптасу ерекшеліктеріне келетін болсақ, бала бұл жаста сөйлеу тілін коммуникацияның негізгі құралы ретінде қолдана бастайды. Осы жаста балада сөйлеушінің тілін түсіну дағдысы қалыптасып, сөздер, кейін сөз тіркесі мен сөйлемдер дами бастайды. Коммуникативті дағды балааның қажеттіліктеріне жауап беретін белсенді дағды бола отырып, ересектермен қарым – қатынастың жетекші факторына айналады.

Ал, мектеп жасына дейінгі кезеңде балаларда сөйлеу тілі қарым – қатынастың негізгі құралына айналып, бала бұл дағдыны белсенді қолдана бастайды. Балалардың сөйлеу тілінің дамуы мен сөздік қорының белсенді сөздермен артуы баладағы саналы қарым – қатынастың дамуына ықпал етеді. Бала сөйлеу тілін ақпарат алу мен ақпарат беру құралы ретінде қолдана отырып, ситуативті коммуникация құра бастайды. Ал, 4-5 жас кезеңінде бала коммуникация барысындағы нормалар мен ережелерді меңгеріп, ересектермен қарым – қатынас мәдениетін игере бастайды. Осы жаста байланыстырып сөйлеу тілінің дамуына байланысты коммуникативті байланыстың сипаты күрдене түседі. Сонымен қатар, ересек мектеп жасына дейінгі кезеңде балада мектепке дайындықпен байланысты коммуникативті дағдылардың алғышарттары қалыптаса бастайды. Баланың сөйлеу тілі саналы бола түседі. Сәйкесінше, коммуникацияға түсу нәтижесінің өнімділігі мен нәтижелілігі арта түседі. Бала коммуникация нормаларын толық меңгереді. Қатарластарымен және ересектермен қарым – қатынас барысын саралай отырып, әрбір адаммен коммуникация құруда осы нормаларға сүйенеді [3,4].

Осылайша, баланың сәбилік шағынан бастап мектеп жасына дейінгі кезеңге дейінгі кезеңде толығымен қалыптасып, мектепте сәтті білім алу мен әлеуметтік қатынастың негізгі құралының біріне айналады.

#### **Зерттеу материалдары мен нәтижелері**

Тақырып аясындағы зерттеу жұмысы «Шам – шырақ» түзету орталығында өткізілді. Зерттеу жұмысына мектеп жасына дейінгі 20 бала қатысты. Балалардың барлығында сөйлеу тілінің бұзылысы байқалады. Балалардың коммуникативті дағдыларының бастапқы деңгейін анықтауға бағытталған эксперимент үш кезең бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезең – дайындық кезеңі. Дайындық кезеңінде эксперименттік жұмысқа қажетті құралдарды дайындау, балалардың жеке құжаттарымен танысу, сонымен қатар, эксперимент барысында түсіндіру сияқты жұмыстар өткізілді. Балалардың жеке құжаттарымен танысу мекеме рұқсатымен жүзеге асырылып, зерттеу барысында құпиялық қағидасы қатаң сақталынды.

Екінші кезең - негізгі кезең. Негізгі кезеңде эксперименттік топқа алынған балалармен зерттеу жұмысы өткізіліп, коммуникативті дағдыны зерттеуге арналған әдістер сынақтан өткізілді.

Үшінші кезең – зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық көрсеткіштерге талдау. Яғни, бұл кезеңде екінші кезеңде алынған нәтижелерді талдау жұмысы ұйымдастырылды.

Алдымен, зерттеу жұмысына ұсынылған әдістердің мазмұны мен барысын ұсынамыз:

#### **«Қатарластарымен қарым – қатынастың дамуын диагностикалау» әдісі**

Авторы: И.А. Орлова, В.М. Холмогорова [5]

Қажетті құралдар: бақылау арқылы

Барысы: әдіс балаларды сырттай бақылау арқылы жүзеге асырылады. Бақылау мына параметрлерді бақылауды назарға алады: қатарласына деген қызығушылық, жағдаятты басқару, сезімталдық, қарым – қатынас құралын таңдау. Әрбір әдіске төмен, орташа және жоғары деңгейлері бойынша бағалау жүргізіліп, сәйкесінше, әрбір деңгейге 1,2,3 балл беріледі. Соңында әрбір параметр бойынша баллдар жалпы қосылып, қарым – қатынастың төмен, орташа және жоғары деңгейі анықталады.

Төмен деңгей – 0 – 4 балл;

Орташа – 5 – 8 балл;

Жоғары – 9 – 12 балл.

### «Лабиринттер» әдісі

Авторы: Е.Е. Кравцова [6]

Қажетті құралдар: лабиринт

Барысы: ойын басталмас бұрын балалардың машиналарының гараждары алмастырылып қойылады. Педагог балаларға әр көлікті өз орнына лабиринттен өте отырып, қоюы қажет екендігін түсіндіре отырып, тапсырма берді. Әрі қарай тапсырма барысы бақылаудан тұрады және бақылау соңында балалардың қарым – қатынас сипатының типтері айқындалады.

Бірінші тип – бала қарым – қатынас құру барысында серіктестік орната алмайды. Серіктесінің әрекетіне реакция танытпайды, ойын барысында тек машинаға ғана назар аударады. Қарым – қатынас орнатпау салдарынан ойы нсәтсіз аяқталады.

Екінші тип – бірінші типке ұқсас. Бала қарым – қатынасқа түспейді, бірақ серіктесінің әрекетін бақылайды және қайталайды.

Үшінші тип – балалар өзара қарым – қатынасқа түседі. Бірақ, қарым – қатынас сипаты кездейсоқ және жоспарсыз болғандықтан әрекет сәтсіз болады.

Төртінші тип – балалар қарым – қатынасқа белсенді түседі. Әрекетті жоспарлауға және келісуге тырысады. Бірақ, үнемі ересек адамның қолдауын қажет етеді.

Бесінші тип – балалар серіктестікті өз бетінше орнатады. Әрекетті басынан бастап жоспарлай отырып, мақсатқа бірге жете алады.

### Ата – аналарға арналған анкета [7]

Авторы: Г.А. Урунтаева

Қажетті құралдар: анкеталау бланкісі, қалам

Барысы: ата – аналарға он сұрақтан тұратын анкета ұсынылады. Әр жауапқа «иә» (1 балл), «білмеймін» (0,5 балл), «үнемі емес» (0,5 балл) және «жоқ» (0 балл) жауаптары ұсынылады. Соңында әрбір сұрақ бойынша баллдар есептеліп, нәтижелер шығарылады. Ұсынылатын сұрақтар:

1. Сіздің балаңыз мейірімді ме?
2. Сіздің балаңыз зерек пе?
3. Балаңыз үнемі шындықты айтады ма?
4. Балаңыз сыпайы ма?
5. Балаңыз қарым – қатынасқа ашық па?
6. Балаңыз бөлісуді біледі ме?
7. Балаңыз көмекке дайын ба?
8. Балаңыз әділ шешімдер қабылдай ала ма?
9. Балаңыз үнемі қуанып жүреді ме?
10. Балаңыз жауапкершілік ала ала ма?

Нәтижелер:

10 баллов – өте жоғары.

8-9 баллов – жоғары.

4-7 баллов – орташа.


2-3 балла – төмен.

0-1 балл – өте төмен.

Ұсынылған әдістер бойынша нәтижелерді ұсынамыз.


Алдымен «Қатарластарымен қарым – қатынастың дамуын диагностикалау» әдісі сынақтан өткізіліп, нәтижесінде 12 бала (60 %) төмен, 4 бала (20 %) орташа және қалған 4 бала (20%) жоғары көрсеткіш көрсетті. Балаларды бақылау барысында олардың қатарластарына қызығушылық танытпайтыны, сонымен қатар, жағдаятты басқара алмайтындығы айқын көрінді. Балалар тек кездейсоқ әрекетке бейімделген, салданынан коммуникация құралын таңдау да жүзеге асырылмайды. Бұл дегіміз, олардың

коммуникативті дағдысын дамытуға деген қажеттілікті айқын көрсетеді. Алынған нәтижелердің негізінде құрылған диаграмманы ұсынамыз:



Сурет 2 – «Қатарластарымен қарым – қатынастың дамуын диагностикалау» әдісінің нәтижелері

Әрі қарай «Лабиринттер» әдісіне сынақ өткізілді. Бұл сынақ барысында балалардың ойын барысында серіктестігі мен коммуникация құралына талдау жасалып, коммуникация типтері анықталды. Жауап интерпретациясында көрсетілгендей, бірінші типтегі 9 бала анықталды. Ал, екінші типте —3 бала; үшінші типтегі балалар саны 3 баланы құрады. Сонымен қатар, төртінші типтегі бала саны 2 бала болса, бесінші типтегі бала саны 3 баланы құрады. Алынған нәтижелердің негізінде құрылған диаграмманы ұсынамыз:



Сурет 3 – «Лабиринттер» әдісінің нәтижелері

Анықтау экспериментінің соңғы әдісі ретінде қарастырылған анкеталау нәтижелеріне келетін болсақ, ата – аналардың жауаптарына сүйене отырып, балалардың коммуникациялық дағдысының деңгейлері анықталды. Алынған анкета негізіндегі балалардың нәтижелері төмендегідей болды:

3 бала (15%) – өте жоғары.


2 бала (10%) – жоғары.

5 бала (25%) – орташа.

4 бала (20%) – төмен.

6 бала (30%) – өте төмен.

Анкеталау негізінде төмендегі диаграмма алынды:



Сурет 4 – Анкеталау әдісінің нәтижелері

Осылайша, балалардың коммуникациялық дағдысының негізгі мәселелері айқындалып, дамыту жұмысының бағыттары жөніндегі алғышарттар қалыптасты.

#### **Қорытынды**

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың коммуникациялық дағдыларын дамыту бойынша жүргізілген жұмыс мектеп жасына дейінгі кезеңдегі коммуникациялық дағдының балалардың тұлға ретіндегі қалыптасуы, әлеуметтік қатынасы, сонымен қатар, мектепте сәтті білім алуына ықпал ететін негізгі тетіктердің бірі екендігін көрсетті. Сонымен қатар, жүргізілген эксперименттік жұмыс ерекше қажеттіліктері бар балалардың басым бөлігінде коммуникациялық дағдының компоненттері зардап шегетінін көрсетті. Қорыта айтқанда, коммуникациялық дағдыны дамыту түзету жұмысының мазмұнына кіретін негізгі әрі тұрақты компонент болуы қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Королева И. А. Развитие коммуникативных навыков у школьников //Проблемы развития территории. – 2012. – Т. 62. – №. 6. – С. 86-92.
2. Горлова Е. А., Полухина М. О., Ершова О. В. Развитие коммуникативных навыков посредством интерактивных технологий //Вестник Самарского государственного технического университета. Серия: Психолого-педагогические науки. – 2020. – №. 2 (46). – С. 51-61.

3. Лях Ю. А. Развитие коммуникативных навыков у школьников // Ярославский педагогический вестник. – 2019. – №. 4. – С. 23-29.
4. Губина Е. Г. Развитие коммуникативных навыков у старших дошкольников // УНИВЕРСИТЕТ XXI ВЕКА: НАУЧНОЕ ИЗМЕРЕНИЕ. – 2010. – С. 239-241.
5. Смирнова Е. О., Холмогорова В. М. Межличностные отношения дошкольников. – 2003.
6. Кравцов Г. Г., Кравцова Е. Е. Психология игры: культурно-исторический подход. – 2017.
7. Урунтаева Г. А. Детская психология. – 2021.
8. Лисина М. И. Общение, личность и психика ребенка. – Москва : Институт практической психологии; Воронеж : НПО «МОДЭК», 1997. – 384 с.
9. Божович Л. И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – Санкт-Петербург : Питер, 2008. – 400 с.
10. Мухина В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество : учебник для студентов высших учебных заведений. – 15-е изд., перераб. и доп. – Москва : Академия, 2015. – 656 с.

УДК 376.1

МРНТИ 14.29.37

DOI <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2026.85.2.003>

<sup>1</sup>Рсалдинова А.К., <sup>2</sup>Караманова Н.М.

<sup>1</sup>п.э.к., доцент,

<sup>2</sup>7M01908 - Арнайы педагогика: Аутистік спектрі бұзылған балаларды сүйемелдеу мамандығының 1-курс магистранты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ИМИТАЦИЯ ДАҒДЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада аутистік спектрі бұзылысы бар 3–4 жастағы балалардың имитация (еліктеу) дағдыларының даму ерекшеліктері қарастырылады. Имитация баланың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуының негізгі механизмі ретінде сипатталып, оның сөйлеу тілін, бірлескен әрекетті және әлеуметтік өзара әрекеттесуді қалыптастырудағы маңызы ғылыми тұрғыдан негізделеді. Зерттеудің мақсаты – педагогикалық технологияларды қолдану негізінде аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың имитация дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименттік жолмен тексеру. Мақалада Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.В. Запорожец және басқа ғалымдардың теориялық тұжырымдары негізінде имитацияның психологиялық-педагогикалық мәні талданып, аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың қимыл-қозғалыстық, вербалды және әлеуметтік-эмоциялық имитациясының ерекшеліктері сипатталады. Сондай-ақ ойын технологиялары, визуалды қолдау, құрылымдалған оқыту және модельдеу тәсілдерінің түзете-дамыту жұмысындағы тиімділігі қарастырылады. Зерттеу нәтижелері арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың имитация дағдыларын дамытуға, әлеуметтік қарым-қатынасты жақсартуға және балалардың жалпы психикалық дамуын қолдауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** аутистік спектрі бұзылысы, имитация, еліктеу дағдысы, ерте араласу, түзете-дамыту жұмысы, арнайы педагогика, педагогикалық технологиялар, мектепке дейінгі балалар.

<sup>1</sup>Рсалдинова А.К., <sup>2</sup>Караманова Н.М.

<sup>1</sup>кандидат педагогических наук, доцент

<sup>1</sup>магистрант 1 курса образовательной программы 7М01908 – «Специальная педагогика: Сопровождение детей с расстройствами аутистического спектра», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

## ОСОБЕННОСТИ НАВЫКОВ ИМИТАЦИИ У ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности развития навыков имитации у детей 3–4 лет с расстройствами аутистического спектра (РАС). Имитация рассматривается как один из ведущих механизмов когнитивного, коммуникативного и социального развития ребенка, обеспечивающий формирование речи, совместной деятельности и социальных взаимодействий. Цель исследования – теоретически обосновать и экспериментально проверить возможности формирования навыков имитации у детей с расстройствами аутистического спектра на основе применения современных педагогических технологий. В статье проанализированы теоретические положения Л.С. Выготского, А.Н. Леонтьева, Д.Б. Эльконина, А.В. Запорожца и других исследователей, раскрыты особенности двигательной, вербальной и социально-эмоциональной имитации у детей с РАС. Особое внимание уделено использованию игровых технологий, визуальной поддержки, структурированного обучения, моделирования и совместной деятельности взрослого и ребенка в коррекционно-развивающей работе. Полученные результаты свидетельствуют о том, что целенаправленное педагогическое воздействие способствует развитию имитационных навыков, повышению эффективности социального взаимодействия и успешной социализации детей с расстройствами аутистического спектра.

**Ключевые слова:** расстройства аутистического спектра, имитация, навыки подражания, раннее вмешательство, коррекционно-развивающая работа, специальная педагогика, педагогические технологии, дети дошкольного возраста.

<sup>1</sup>A.K. Rsaldinova, <sup>2</sup>N.M. Karamanova

<sup>1</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Senior Lecturer

<sup>2</sup>1st-year Master' Student in the educational program 7M01908 – Special Pedagogy: Support for Children with Autism Spectrum Disorder, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

## CHARACTERISTICS OF IMITATION SKILLS IN CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDER

**Abstract.** The article examines the characteristics of imitation skill development in children aged 3–4 years with Autism Spectrum Disorder (ASD). Imitation is considered one of the fundamental mechanisms of cognitive, communicative, and social development, contributing to the acquisition of speech, joint activity, and social interaction. The aim of the study is to provide a theoretical rationale and experimentally evaluate the possibilities of developing imitation skills in children with ASD through the application of modern educational technologies. The paper analyzes the theoretical concepts of L.S. Vygotsky, A.N. Leontiev, D.B. Elkonin, A.V. Zaporozhets, and other scholars, describing the specific characteristics of motor, verbal, and socio-emotional imitation in children with ASD. Particular attention is paid to the use of play-based methods, visual support, structured teaching, modeling, and adult-child collaborative activities in correctional and developmental intervention. The findings indicate that systematic pedagogical support effectively

promotes imitation skills, enhances social interaction, and contributes to the overall developmental progress of children with Autism Spectrum Disorder.

**Keywords:** Autism Spectrum Disorder, imitation, imitation skills, early intervention, correctional and developmental support, special education, educational technologies, preschool children.

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда аутистік спектрі бұзылысы (АСБ) бар балалар санының артуы олардың даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді және тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тәсілдерін жетілдіруді талап етеді. Ерте жастағы түзете-дамыту жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі – баланың имитация (еліктеу) дағдысын қалыптастыру. Имитация баланың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуының негізін құрайтын жетекші механизмдердің бірі болып табылады. Бұл дағды арқылы бала қоршаған ортадағы әрекеттерді қабылдап, қайталайды, жаңа білім мен тәжірибені меңгереді, сөйлеу тілі мен әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Инклюзивті және арнайы білім беруді дамытуға бағытталған нормативтік-құқықтық құжаттар ерекше балаларға ерте психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді және түзете-дамыту жұмыстарының тиімді әдістерін енгізуді көздейді. Соған қарамастан, мектепке дейінгі жастағы АСБ бар балалардың имитация дағдыларын дамытуға арналған ғылыми-әдістемелік негіздер мен тиімді педагогикалық технологияларды қолдану мәселесі әлі де өзекті болып отыр.[1-2].

Отандық және шетелдік ғалымдардың (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, О.С. Никольская, Е.Р. Баенская, С.Л. Рубинштейн, К. Prizant, S. Rogers және т.б.) зерттеулерінде имитацияның баланың психикалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіндегі шешуші рөлі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Әсіресе аутистік спектрі бұзылысы бар балалар үшін имитацияны дамыту сөйлеу тілінің қалыптасуына, бірлескен әрекетке қатысуына, әлеуметтік өзара әрекетке түсуіне және кейінгі оқу әрекетіне дайындықтың маңызды алғышарты болып табылады.

Қазіргі педагогикалық тәжірибеде ойын технологиялары, визуалды қолдау, құрылымдалған оқыту, модельдеу, қайталау және ересек пен бала арасындағы бірлескен әрекет сияқты технологиялар кеңінен қолданылып келеді. Алайда бұл технологиялардың АСБ бар балалардың имитация дағдысын қалыптастырудағы тиімділігі мен ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген. Осыған байланысты аталған мәселені ғылыми тұрғыдан зерделеу және тәжірибеде тиімді әдістерді негіздеу ерекше өзектілікке ие.

Осы мақалада аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың имитация дағдысының ерекшеліктері талданып, оны дамытуға ықпал ететін педагогикалық тәсілдер мен олардың түзете-дамыту жұмысындағы маңызы қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты: Педагогикалық технологияларды қолдану негізінде аутистік спектр бұзылысы бар 3–4 жастағы балалардың имитация дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу және эксперименттік жолмен тексеру.

Имитация (еліктеу) – баланың қоршаған ортадағы адамдардың қимыл-қозғалысын, әрекетін, сөйлеуін және эмоциялық көріністерін бақылау және оларды саналы немесе бейсаналы түрде қайталау қабілеті.[3] Психология мен педагогика ғылымдарында имитация баланың психикалық дамуының эмбебап механизмі ретінде қарастырылады. Ол танымдық процестердің, сөйлеу тілінің, әлеуметтік өзара әрекеттің және мінез-құлық дағдыларының қалыптасуына негіз болады [4].

Ғылыми зерттеулер имитацияның баланың өмірінің алғашқы жылдарынан бастап пайда болатынын және оның дамуын қамтамасыз ететін жетекші факторлардың бірі екенін дәлелдейді. Л.С. Выготский имитацияны баланың әлеуметтенуінің негізгі тетігі ретінде

қарастырып, оны «жақын даму аймағымен» тікелей байланыстырған. Ғалымның пікірінше, бала ересектердің әрекетін еліктеу арқылы өз бетінше орындай алмайтын іс-әрекеттерді меңгереді, ал бұл үдеріс психикалық дамудың жаңа деңгейіне өтуіне мүмкіндік береді. [5]

А.Н. Леонтьев пен Д.Б. Эльконин имитацияны іс-әрекет теориясы тұрғысынан түсіндіріп, оны баланың жетекші әрекеттерінің қалыптасуымен байланыстырады. Олардың еңбектерінде еліктеу баланың заттық-манипуляциялық әрекеттен рөлдік ойынға, кейін оқу әрекетіне көшуінің маңызды шарты ретінде сипатталады. Имитация арқылы бала әлеуметтік тәжірибені меңгеріп, қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгілерін игереді [6-7].

Әлеуметтік-эмоциялық имитация – басқа адамның эмоциясын, мимикасын немесе әлеуметтік әрекетін қайталау. Мысалы, күлімдеу, қабақ тую, қол бұлғау, таңғалу немесе амандасу сияқты әрекеттер жатады. Бұл дағды баланың адамдардың эмоциясын түсінуіне және қарым-қатынас жасауына көмектеседі.

Выготский мен Запорожецтің теориялық тұжырымдарын салыстыра отырып, имитацияның баланың психикалық дамуындағы әлеуметтік және әрекеттік табиғатын айқындауға болады. Выготский имитацияның әлеуметтік-мәдени мазмұнын, ересекпен өзара әрекеттегі рөлін ашса, Запорожец оның әрекеттік, қозғалыстық және еріктік аспектілерін терең зерттеген. Екі ғалымның көзқарастары имитацияны баланың психикалық дамуының әмбебап және көпқырлы механизмі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы теориялық тұжырымдар аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың имитация дағдыларын қалыптастырудың ғылыми негізін құрайды. Осылайша, имитация баланың психикалық дамуына көпқырлы әсер етеді: ол танымдық процестерді ғана емес, еріктік, эмоциялық және тұлғалық салалардың қалыптасуын да қамтамасыз етеді. Бұл имитацияны аутистік спектрі бұзылысы бар балалардың дамуындағы жетекші түзетуші мақсаттардың бірі ретінде қарастырудың ғылыми негізін құрайды және келесі бөлімде қарастырылатын имитация дағдыларының бұзылу ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Аутистік спектр бұзылысы - бұл қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қиындықтарымен көрінетін ерекше жағдай және психикалық дамудың бұзылуы. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың имитация дағдыларының дамуы типтік дамитын балалардан айтарлықтай ерекшеленеді. Қимыл-қозғалыстық имитацияның дамуы баяу болып, қарапайым қимылдарды меңгеру кезеңі ұзарады, ал көп сатылы немесе үйлестірілген әрекеттерді қайталау қиындық туғызады. Балалар қозғалысты үйлестіре алмай, кейде стереотиптік немесе қайталама қимылдарды көрсетеді, бірақ оларды әлеуметтік контексте қолданбайды. Вербалды имитация да кеш дамиды: балалар дыбыстарды, сөздерді және сөйлеу үлгілерін қайталауда қиналады, интонация мен екпінді дұрыс қолданбайды, жаңа сөз тіркестерін өздігінен қалыптастыру қабілеті төмен болады. Әлеуметтік-эмоциялық имитацияның дамуы да тежелген, олар эмоцияларды, мимиканы және әлеуметтік сигналдарды дұрыс қабылдамайды және қайталамайды, бұл олардың әлеуметтік өзара әрекеттесуіне кері әсер етеді [8].

Қимыл-қозғалыстық имитация – баланың басқа адамның дене қимылдарын, әрекеттерін бақылап, қайталауға қабілеті. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларда бұл қабілет кеш дамиды және бірқатар ерекшеліктерге ие. Аутистік спектрі бұзылысы бар балалар қозғалыстарды үйлестіріп орындауда қиындық көреді; мысалы, қол мен аяқтың бір уақытта әрекет жасауын үйлестіру, допты лақтыру немесе құралдарды пайдалану кезінде қателіктер жиі кездеседі. Бұл олардың праксис дағдыларының әлсіздігімен байланысты, сондықтан күрделі қозғалыстарды дұрыс қайталау қиындық тудырады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың имитация дағдылары когнитивтік және нейропсихологиялық ерекшеліктерге тығыз байланысты дамиды. Когнитивтік тұрғыдан алғанда, имитация баланың заттарды, әрекеттерді және әлеуметтік сигналдарды тану, түсіну және қайталау қабілетіне негізделеді. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларда бұл процестер кеш дамиды, себебі олардың жұмыс жадында ақпаратты сақтау, жоспарлау және

бақылау қабілеттері шектеулі. Сонымен қатар, моторлық және үйлестіру дағдыларының кеш дамуы қимыл-қозғалыстық имитацияны тежейді, ал вербалды имитацияда тілдік сигналдарды қабылдау мен қайталауда қиындықтар байқалады. Осы когнитивтік және нейробиологиялық ерекшеліктер балалардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін, оқу және ойын әрекеттерін меңгеруін тежейді.



Сурет 1. АСБ бар балалардың имитация дағдылары

Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларда имитация дағдысы кеш дамып, әртүрлі түрлерде (қимыл-қозғалыстық, вербалды, әлеуметтік-эмоциялық) біркелкі емес бұзылыстар көрсетеді. Бұл ерекшеліктер олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, тілдік және когнитивтік дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан педагогикалық және түзетуші әдістер имитацияны жүйелі дамытуға бағытталуы тиіс

Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясына сәйкес, бала өздігінен орындай алмайтын әрекеттерді ересектің үлгісі мен қолдауы арқылы меңгереді. Осы тұрғыдан алғанда, имитация дағдысын қалыптастыруда педагогикалық технологиялар жетекші рөл атқарады. Ал Д.Б. Эльконин мен А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы имитацияның ойын және практикалық әрекет барысында кезең-кезеңімен дамытынын негіздейді. Сондықтан аутистік спектрі бұзылысы (АСБ) бар балалардың имитациялық әрекеттерін дамыту олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Педагогикалық технологияларды таңдауда негізгі қағида – баланың диагнозына емес, оның нақты даму қажеттіліктеріне сүйену. Алдымен баланың имитациялық дағдылары бағаланып, соған сәйкес жеке білім беру бағыты анықталады. Егер балада қарапайым еліктеу әрекеттері қалыптаспаған болса, құрылымдалған АВА және DTT әдістері тиімді болып табылады. Ал имитация дағдысы қалыптасқанымен, оны табиғи жағдайда қолдану жеткіліксіз болған жағдайда RIT, ESDM және PRT сияқты табиғи ортаға негізделген тәсілдерді пайдалану ұсынылады. Сөйлеу мүмкіндігі шектеулі балаларда PECS немесе AAC баламалы коммуникация жүйелері, ал әрекетті ұйымдастыруда қиындықтары бар балалар үшін TEACCH технологиясы қолданылады[9-10].

Қазіргі зерттеулер педагогикалық технологияларды кешенді қолданудың жоғары тиімділігін дәлелдейді. Құрылымдалған оқыту мен табиғи ортаға негізделген тәсілдерді үйлестіру, визуалды қолдау мен сенсорлық реттеу элементтерін енгізу баланың имитациялық әрекеттерін, коммуникациясын және әлеуметтік бейімделуін тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бастапқы кезеңде DTT әдісі арқылы қалыптасқан дағдыларды кейін ойын және күнделікті өмір жағдайларында бекіту олардың жалпылануына ықпал етеді.

Осылайша, АСБ бар 3–4 жастағы балалардың имитация дағдыларын дамытуда педагогикалық технологияларды жеке ерекшеліктеріне сәйкес таңдау және оларды кешенді қолдану түзете-дамыту жұмысының тиімділігін арттыратын маңызды шарт болып табылады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу жұмысы аутистік спектрі бұзылысы (АСБ) бар 3–4 жастағы балалардың имитация дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, құрылымдалған бақылау, диагностикалық бағалау және эксперименттік әдістер қолданылды. Имитация дағдылары моторлық, заттық, вербалды және әлеуметтік еліктеу бағыттары бойынша кешенді түрде бағаланды.


Зерттеу базасы ретінде Алматы қаласындағы «GOLDEN KIDS» түзете-дамыту орталығы алынды. Орталықта аутистік спектрі бұзылысы бар балалармен кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп, АВА терапиясы, ТЕАССН, сенсорлық интеграция және табиғи ортаға негізделген оқыту элементтері қолданылды.

Зерттеуге психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы бойынша «аутистік спектрі бұзылысы» диагнозы қойылған 3–4 жастағы 24 бала қатысты. Бұл жас кезеңі имитация, бірлескен әрекет және бастапқы коммуникативтік дағдылардың қарқынды қалыптасуымен ерекшеленетіндіктен, зерттеу нысаны ретінде таңдалды. Имитация дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау мақсатында балалардың ересек адамның әрекеттерін қайталауы, қарапайым қимылдарды, заттық әрекеттерді, вербалды және әлеуметтік еліктеу әрекеттерін орындауы бағаланды. Алынған диагностикалық мәліметтер балалардың имитация дағдыларының даму ерекшеліктерін анықтауға және оларды дамытуға бағытталған педагогикалық жұмыстың мазмұнын айқындауға негіз болды. Балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сипаттау мақсатында зерттеу барысында О.С. Никольскаяның аутистік спектрі бұзылысы бар балаларды жіктеу жүйесі пайдаланылды. Аталған жіктеме балалардың қоршаған ортамен және ересектермен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, әлеуметтік қызығушылық деңгейін, эмоционалдық байланыс орнатуын және бірлескен әрекетке қатысу мүмкіндіктерін бағалауға негіз болды. Бұл тәсіл зерттеуге қатысқан балалардың имитациялық әрекеттерінің даму ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Төмендегі диаграмманы мақалаңызға енгізуге болады. Ол зерттеуге қатысқан 24 баланың О.С. Никольская жіктемесі бойынша бөлінуін көрсетеді[11].

#### О.С. Никольская жіктемесі бойынша зерттеуге қатысқан балалардың бөлінуі

Зерттеуге қатысқан 24 баланың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы бойынша топтарға бөлінуі.



#### 1-сурет – О.С. Никольская жіктемесі бойынша зерттеуге қатысқан балалардың бөлінуі.

Зерттеу нәтижелері бойынша 24 баланың ішінде 8 бала (33,3%) II топқа, 7 бала (29,2%) III топқа, 6 бала (25,0%) I топқа және 3 бала (12,5%) IV топқа жатқызылды. Алынған мәліметтер зерттеу тобында ересекпен өзара әрекетке ішінара түсетін және мінез-құлқында стереотипті ерекшеліктері басым балалардың үлесі жоғары екенін көрсетті.

Диагностикалық зерттеу барысында балалардың имитация дағдылары келесі көрсеткіштер бойынша бағаланды: ересектің әрекетіне назар аударуы, қарапайым қимылдарды қайталауы, заттық әрекеттерді имитациялауы, дыбыстық және сөздік еліктеуі, әлеуметтік-эмоциялық имитациясы, бірлескен әрекетке қатысуы, сондай-ақ нұсқауды қабылдау және орындау деңгейі. Сонымен қатар баланың мотивациясы, зейінінің тұрақтылығы, эмоционалдық реакциялары және күшейткіштерге (reinforcement) жауап беру ерекшеліктері бақылауға алынды. Алынған диагностикалық мәліметтер әр баланың имитациялық дағдыларының даму деңгейін анықтауға және жеке түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлауға негіз болды. Қалыптастырушы кезеңде АВА терапиясының негізгі әдістері – prompting, reinforcement, shaping, modeling және imitation training жүйелі түрде қолданылып, балалардың моторлық, заттық, вербалды және әлеуметтік имитация дағдыларын кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған педагогикалық жұмыс ұйымдастырылды.

Зерттеу жұмысы аутистік спектрі бұзылысы (АСБ) бар 3–4 жастағы балалардың имитация дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында келесі диагностикалық әдістер қолданылды:

**1. Қимыл-қозғалыстық және заттық имитацияны бағалау әдістемесі (Bruce Baker ABA Imitation Assessment және Reciprocal Imitation Training (RIT) элементтері негізінде).** Әдістеме балалардың ересек адамның қарапайым қимылдары мен заттық әрекеттерін қайталау қабілетін бағалауға бағытталды. Бағалау барысында баланың әрекетті өздігінен орындауы, ересектің үлгісіне еліктеуі және қосымша көмекті (prompt) қажет ету деңгейі анықталды.

**2. Құрылымдалған бақылау әдісі (Structured Observation).** Бұл әдіс арқылы балалардың табиғи ортадағы имитациялық әрекеттері бақылауға алынды. Бақылау барысында ересек адамның әрекетіне назар аударуы, бірлескен әрекетке қатысуы, өздігінен еліктеу (spontaneous imitation) және әлеуметтік өзара әрекетке түсу ерекшеліктері тіркелді.

Аталған әдістер балалардың имитация дағдыларының даму деңгейін кешенді бағалауға және олардың имитациялық әрекеттерінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді [12].



**2-сурет. Қимыл-қозғалыстық және заттық имитация дағдыларының бастапқы деңгейі (n=24)**

Диаграмма нәтижелерін талдау көрсеткендей, зерттеуге қатысқан 24 баланың ішінде 12 балада (50,0%) қимыл-қозғалыстық және заттық имитация дағдыларының төмен деңгейі анықталды. Бұл топтағы балалар ересек адамның көрсеткен қарапайым қимылдарын (қол соғу, қол көтеру, бас изеу және т.б.) өздігінен қайталауда айқын қиындықтар көрсетті. Көпшілік жағдайда олар тапсырманы орындау үшін бірнеше мәрте үлгі көрсетуді, физикалық немесе вербалды көмекті (prompt) қажет етті. Сонымен қатар заттық әрекеттерді

(допты домалату, кубиктерден мұнара құрастыру, қасықпен тамақтандыру, машинаны жүргізу) орындауда да тұрақсыздық байқалды. Кейбір балалар әрекетті толық қайталай алмаса, енді біреулері әрекеттің жекелеген элементтерін ғана орындады. Бұл олардың еліктеу дағдыларының жеткіліксіз қалыптасқанын және ересекпен бірлескен әрекетке қатысуының шектеулі екенін көрсетті.


Зерттелушілердің 8 баласында (33,3%) қимыл-қозғалыстық және заттық имитация дағдыларының орта деңгейі анықталды. Бұл балалар ересек адамның қарапайым әрекеттерін бірнеше қайталаудан кейін орындауға қабілетті болды және көрнекі үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындады. Дегенмен жаңа немесе күрделі әрекеттерді меңгеруде, сондай-ақ әрекетті өздігінен бастау мен оны тұрақты орындауда қиындықтар байқалды. Олардың басым бөлігінде қосымша ынталандыру мен ішінара көмек қажет болды. Бұл көрсеткіштер имитация дағдыларының қалыптасу үрдісі басталғанымен, олардың жеткілікті деңгейде тұрақтанбағанын көрсетеді.

Ал 4 балада (16,7%) қимыл-қозғалыстық және заттық имитацияның жоғары деңгейі тіркелді. Бұл балалар ересек адамның көрсеткен әрекеттерін дәл әрі өздігінен қайталап, заттық әрекеттерді қосымша көмексіз орындады. Олар тапсырмаларды жылдам қабылдап, әрекеттерді дұрыс орындаумен қатар, жаңа қимылдарды меңгеруге қызығушылық танытты. Сонымен бірге ересекпен бірлескен әрекетке белсенді қатысып, көрсетілген үлгіні табиғи жағдайда қолдана алды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері балалардың 83,3%-ында (20 бала) қимыл-қозғалыстық және заттық имитация дағдыларының төмен немесе орта деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Бұл мектепке дейінгі жастағы аутистік спектрі бұзылысы бар балаларда имитациялық әрекеттердің жеткіліксіз дамығанын және оларды мақсатты түрде қалыптастыру қажеттігін дәлелдейді. Алынған мәліметтер АВА терапиясына негізделген түзете-дамыту бағдарламасын әзірлеудің өзектілігін растайды және имитация дағдыларын жүйелі дамыту баланың коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына оң ықпал ететінін көрсетеді.

### Құрылымдалған бақылау нәтижелері

Табиғи ортадағы имитациялық әрекеттердің даму деңгейі (24 бала).



### 3-сурет. Құрылымдалған бақылау әдісі бойынша имитациялық әрекеттердің даму деңгейі (n=24)

Құрылымдалған бақылау нәтижелерін талдау зерттеуге қатысқан 24 баланың табиғи ортадағы имитациялық әрекеттерінің жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Зерттеу барысында балалардың ересек адамның әрекетіне назар аударуы, бірлескен әрекетке қатысуы, өздігінен еліктеуі (spontaneous imitation) және әлеуметтік өзара әрекетке түсу ерекшеліктері бағаланды.

Нәтижелер бойынша 12 балада (50,0%) имитациялық әрекеттердің төмен деңгейі анықталды. Бұл топтағы балалардың көпшілігі ересек адамның әрекетіне тұрақты назар аудармады, бірлескен ойынға немесе әрекетке өздігінен қосылмады және көрсетілген әрекеттерді қайталауға талпынысы өте сирек байқалды. Кейбір балалар тек бірнеше рет қайталанған нұсқаудан немесе физикалық көмектен кейін ғана әрекетті орындады, ал табиғи ойын барысында өздігінен еліктеу әрекеттері мүлдем байқалмады. Сонымен қатар олардың әлеуметтік байланысқа түсу белсенділігі төмен болып, көзбен байланыс орнату, бірлескен назарды сақтау және ересектің бастамасына жауап беру дағдыларының жеткіліксіз дамығаны анықталды.

